

## Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің тұрғын үй құрылышына үlestік қатысу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 504 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 қазанда № 21358 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің тұрғын үй құрылышына үlestік қатысу саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

Б. Атамкулов

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2020 жылғы 30 қыркүйегі  
№ 504 бұйрығымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің тұрғын үй құрылышына үlestік қатысу саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Капиталдың жеткіліктілік нормативін айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі №

337 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14191 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Капиталдың жеткіліктілік нормативін айқындау әдістемесінде:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әдістеме Тұрғын үй құрылышына Бірыңғай операторының (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) капитал жеткіліктілігі нормативінің мәнін есептеуді айқындаиды.

3. Капитал жеткіліктілігі нормативі (бұдан әрі – КЖН) мына формула бойынша есептеледі:

М е н ш і к т і

к а п и т а л

КНЖ = \_\_\_\_\_

тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген шартты міндеттемелер

мұнда:

меншікті капитал – қаржылық жағдайы (бухгалтерлік баланс) туралы есепке сәйкес, Бірыңғай оператор капиталының мөлшері;

тәуекел дәрежесі бойынша сараланған шартты міндеттемелер – Заңның 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласындағы уәкілетті орган бекітетін Кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервті есептеу және қалыптастыру әдістемесіне сәйкес қалыптастырылған кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервті қоспағанда, Заңмен анықталған көппәтерлі тұрғын үйдің жобалау құнына тең берілген кепілдіктер бойынша Бірыңғай оператордың міндеттемелері.".

2. "Кепілдік жарнаның мөлшерін айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 338 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14190 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кепілдік жарнаның мөлшерін айқындау әдістемесінде:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әдістеме Тұрғын үй құрылышының бірыңғай операторымен көрсеткіштер және тәуекелдер факторларын бағалау арқылы кепілдік жарнаның мөлшерін есептеу мақсатында пайдаланылады.

3. Кепілдік жарнаның мөлшері көппәтерлі тұрғын үйдің жобалау құны мен аяқталмаған құрылыш құны арасындағы айырмаға кепілдік жарнаның мөлшерлемесінің туындысы ретінде айқындалады:

Кж = КжМ x (ЖК – АК)

мұндағы:

Кж – кепілдік жарнаның мөлшері;

КжМ – кепілдік жарнаның мөлшерлемесі;

ЖК – Занға сәйкес көппәтерлі тұрғын үйдің жобалау құны;

АҚ – тәуелсіз баға беру компаниясының есебімен және орындалған жұмыстар актісімен расталған аяқталмаған құрылыш құны.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кепілдік жарнаның мөлшерлемесі 1 % құрайды және құрылыш салушылардың барлығы үшін бірынғай болып табылады".

3. "Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласындағы инжиниингтік компанияның тұрғын үй (тұрғын ғимарат) құрылышының барысын мониторингтеу нәтижелері туралы есебінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 339 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14189 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласындағы инжиниингтік компанияның көппәтерлі тұрғын үй құрылышының барысын мониторингілеу нәтижелері туралы есеп нысанын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласындағы инжиниингтік компанияның көппәтерлі тұрғын үй құрылышының барысын мониторингтеу нәтижелері туралы есебінің нысанын бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласындағы инжиниингтік компанияның тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) құрылышының барысын мониторингтеу нәтижелері туралы есебінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласындағы инжиниингтік компанияның көппәтерлі тұрғын үй құрылышының барысын мониторингілеу нәтижелері туралы есебі";

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қайда беріледі: Тұрғын үй құрылышының Бірынғай операторына, екінші деңгейдегі банкке немесе жергілікті атқарушы органға (тұрғын үй құрылышына үлестік қатысуды үйымдастыру тәсіліне қарай);";

2-кесте мынадай редакцияда жазылсын:

"

2-кесте

4. Жұмыс жобасы бойынша жобаның негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Параметрлері	Өлшем бірлігі	Параметрлері

		2	3
Көппәтерлі тұрғын үйдің қолайлық сыйныбы			
Ғимараттың жауапкершілік деңгейі	-		
Ғимараттың отқа төзімділік деңгейі	-		
Пәтерлердегі төбенің биіктігі	м		
Ғимараттың қабаттылығы	қабат		
Ғимарат құрылышының алаңы	шаршы метр		
Ғимараттың жалпы алаңы	шаршы метр		
Пәтерлердің жалпы алаңы	шаршы метр		
Коммерциялық үй-жайлардың жалпы алаңы (болған жағдайда)	шаршы метр		
Машина орындарының саны (болған жағдайда)	дана		
Құрылыш көлемі	шаршы метр		
Пәт ер л е р	с а н ы		
О ны ң	і ш і н д е :		
б і р	б ө л м е л і	дана	
екі бөлмелі			
Бағаның ағымдағы деңгейіндегі (болжамды) құрылыштың жалпы сметалық құны	миллион тенге		
оның ішінде:			
құрылыш-монтаждау жұмыстары	миллион тенге		
жабдықтар	миллион тенге		
өзге де	миллион тенге		

11.

6-кесте мынадай редакцияда жазылсын:

1

6-кесте

## Төлемдер сомасы және игеру сомасы

оның ішінде "Тұрғын үй құрылсына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген аванс							
4 Авторлық қадағалау							
5 Техникалық қадағалау							
Жоба бойынша барлығы (смета)							
6 Өзге де шығындар							
Жоба бойынша барлығы (смета) және өзге де шығындар:							

Тұжырым: ақша қаражатының мақсатты пайдаланылуын растау/мақсатсыз пайдалануды тіркеу

";

1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй құрылсына үлестік қатысу саласындағы инжинириングтік компанияның көппәтерлі тұрғын үй құрылсының барысын мониторингілеу нәтижелері туралы есебіне 1-қосымша";

2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй құрылсына үлестік қатысу саласындағы инжинириングтік компанияның көппәтерлі тұрғын үй құрылсының барысын мониторингілеу нәтижелері туралы есебіне 2-қосымша";

3-қосымшада:

оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй құрылсына үлестік қатысу саласындағы инжинириングтік компанияның көппәтерлі тұрғын үй құрылсының барысын мониторингілеу нәтижелері

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді жинақтауға арналған нысанды толтыру түсініктемесі Көппәтерлі тұрғын үй құрылышының барысын мониторингтеу нәтижелері туралы тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласындағы инжинирингтік компанияның есебі ";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы түсініктеме көппәтерлі тұрғын үй құрылышының барысын мониторингтеу нәтижелері туралы тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласындағы инжинирингтік компанияның есебінің нысанын (бұдан әрі - Есеп нысаны) толтыру бойынша бірінғай талаптарды айқындейды".

4. "Кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 343 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14179 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысаны тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы үлгі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 345 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14185 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы үлгі шарттың үлгілік нысаны тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервті есептеу және қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 347 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14183 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервті есептеу және қалыптастыру әдістемесі тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Үәкілдік компанияның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқару шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі №

348 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14182 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқару шартының үлгілік нысанында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"\_\_\_\_\_ қаласы 20\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (бұдан әрі – Сенімгерлік басқарушы) атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, бірінші тараптан, және \_\_\_\_\_ (бұдан әрі – Құрылтайшы) атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, "Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) негізінде, Құрылтайшы үлескерлердің ақшасын тарту есебінен көппәтерлі тұрғын үй құрылышын және \_\_\_\_\_ көппәтерлі тұрғын үйдегі (бұдан әрі – Жоба) үлестердің өткізуін қамтамасыз ететін Уәкілетті компанияның жалғыз акционері/қатысушысы болып табылатынын назарға ала отырып, Сенімгерлік басқарушы Уәкілетті компанияға Жоба құрылышының аяқталуына кепілдік беретінін ескере отырып, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Сенімгерлік басқару шарты) жасасты.;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кепілдік беру жағдайы – олар басталған кезде Тұрғын үй құрылышының бірыңғай операторында көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышын аяқтау жөніндегі міндеттеме және тұрғын үй құрылышына үлестік қатысуға кепілдік беру туралы шарт бойынша үлескер алдында жауапкершілік туындастын Заңда айқындалған жағдай немесе жағдайлардың жиынтығы.;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Осы Шарт бойынша Құрылтайшы және Заңға сәйкес құрылыш бойынша міндеттемелерді орындауда Кепілдік беру жағдайының туындауына әкеп соққан көппәтерлі тұрғын үйдің үлескерлері пайда алушылар болып табылады.;"

13-тармақтың екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Құрылтайшыға Уәкілетті компания қызметі туралы есепті тоқсан сайын бір рет ғана беруге;

2) үлескерлердің мүддесінде әрекет етуге;".

8. "Кепілдік беру туралы шартты жасасу үшін тұрғын үй (тұрғын ғимарат) құрылышының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 432 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

14312 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кепілдік беру туралы шарт жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй құрылышының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоса беріліп отырған Кепілдік беру туралы шартты жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй құрылышының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кепілдік беру туралы шартты жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй құрылышының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидалары тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика

министрлігінің тұрғын үй

құрылышына үлестік қатысу

саласындағы өзгерістер

енгізілетін кейбір

бұйрықтарының тізбесіне

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2016 жылғы 28 шілдедегі

№ 343 бұйрығымен

бекітілген

## Кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысаны

қаласы

20\_\_ жылғы "\_\_\_"

Тұрғын үй құрылышының бірыңғай операторы (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) деп аталатын, \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, бірінші тараптан, бұдан әрі "Құрылыш салушы" деп аталатын, \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, екінші тараптан, және бұдан әрі "Уәкілдік компания" деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, үшінші тараптан, бұдан әрі "Тараптар" деп, ал жеке "Тарап" деп аталатындар, "Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Зан) талаптарына сәйкес мына төмөндегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты

## 1-тарау. Шарттың мәні

1. Бірыңғай оператор кепілдік беру жағдайы туындаған жағдайда, көппәтерлі тұрғын үй құрылышының аяқталуын қамтамасыз етуге және тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша Уәкілетті компаниядан үлескерлерге көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестерін беруге міндеттенеді (бұдан әрі – Кепілдік).

2. \_\_\_\_\_ жоба бойынша (бұдан әрі – Жоба) көппәтерлі тұрғын үй жобасы бойынша, оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte, бірақ \_\_\_\_\_ мерзімнен кешіктірмей пайдалануға қабылдау бойынша Уәкілетті компанияның міндеттемелері Шарт объектісі болып табылады.

## **2-тaraу. Кепілдік берудің шарттары**

3. Құрылыш салушы және Уәкілетті компания Заңның 8-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

4. Осы Шартты жасасудың алдында жасалатын шешімдер мен шарттар:

1) Кепілдік беру туралы шартты жасау туралы Бірыңғай оператордың оң шешімі (20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттамасы);

2) Бірыңғай оператор, Уәкілетті компания және инжинириングтік компания арасында жасалған Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласында Инжинириингтік қызметтерді көрсету туралы 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ шарты;

3) Уәкілетті компания мен Бірыңғай оператор арасында жасалған жер участекін/жер участекіне құқығын/ аяқталмаған құрылыш объектісіне құқығын кепілге қоюдың 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ шарты;

4) Бірыңғай оператор мен Құрылыш салушы арасында жасалған акцияларды/ жарғылық капиталындағы қатысу үлесін кепілге қоюдың 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ шарты;

5) Бірыңғай оператор мен Құрылыш салушы арасында жасалған акцияларды/ жарғылық капиталындағы қатысу үлесін Сенімгерлікпен басқарудың 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ шарты;

6) Уәкілетті компания мен Мердігер (Бас мердігер) арасында жасалған құрылыш мердігерлігінің 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ шарты;

7) Уәкілетті компания мен екінші деңгейдегі банк арасында жасалған банктік шоттың 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ шарты.

## **3-тaraу. Кепілдік жарна**

5. Уәкілетті компания осы Шарт жасалған сәттен бастап 3 (үш) банктік күннен кешіктірмей мерзімде \_\_\_\_\_ (сомасы цифмен және жазумен) теңге мөлшерінде Бірыңғай операторға кепілдік жарнаны төлеуге міндеттенеді.

6. Уәкілетті компания төлеген кепілдік жарна қайтарылуға жатпайды.

7. Осы Шарттың қолданысы кезінде жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасы нәтижелері бойынша құрылым-монтаждау жұмыстары құнының ұлғауына байланысты жобалау құнының он және одан көп пайызға қымбаттауы кезінде кепілдік жарнаның сомасы Заңның 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес бекітілген Кепілдік жарнаның мөлшерін айқындау әдістемесіне сәйкес белгіленген сомаға ұлғаю жағына қайта қарауға жатады.

8. Кепілдік беру туралы шарт бұзылған жағдайда, тұрғын үй құрылымына үлестік қатысу шарттарының жергілікті атқарушы органды есепте тұрған тізіліміне сәйкес үлескерлер болмаған кезде кепілдік жарнаның қалдығы Уәкілетті компанияға қайтарылуға жатады.

#### **4-тaraу. Кепілдік беру жағдайы және Кепілдік бойынша жауапкершілік**

9. Бірыңғай оператордың кепілдік беру жағдайының басталу ықтималдығы туралы шешімі:

- 1) көппәтерлі тұрғын үйдің құрылымына мониторингтің;
- 2) инжинириングтік компанияның ай сайынғы және өзге де есептерінің;
- 3) уәкілетті компаниядан, сәulet, қала құрылымы және құрылым қызметі саласындағы уәкілетті органнан алынған ақпараттың;
- 4) үлескердің (үлескерлердің) жазбаша өтініштерінің нәтижелері бойынша қабылданады.

10. Кепілдік беру жағдайының басталу ықтималдығы туралы ақпарат келіп түскен кезде Бірыңғай оператор:

- 1) Уәкілетті компанияның көппәтерлі тұрғын үйдің құрылымы бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы туралы ақпаратты ақпарат түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кеш емес мерзімде тексеруді жүзеге асырады;
- 2) ақпарат келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде Құрылым салушыға және Уәкілетті компанияға көрсетілген ақпаратты түсіндіру туралы сұрау салу жібереді.

Құрылым салушы және Уәкілетті компания Бірыңғай оператордың тиісті сұрау салуы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, түсіндірмелер, қарсылықтар (бар болған жағдайда) береді.

11. Кепілдік беру жағдайының басталу фактісі анықталған жағдайда, Біріңғай оператор үш жұмыс күні ішінде мынадай жағдайлардың бірін немесе бірнешеуін:

- 1) көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға қабылдау мерзімін бұзу. Құрылым мерзімін құрылым объектісінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада көрсетілген мерзімнен өрқайсысын үш айдан үш мәрте ұзартуға жол беріледі;

2) инжинирингтік компания көрсетілген фактіні анықтаған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Уәкілетті компанияның банктік шотына Құрылыш салушы және (немесе) Уәкілетті компания, мердігер (бас мердігер) өтемеген ақшаны осы Заңның 20-бабының талаптарын бұза отырып пайдалануды;

3) Құрылыш салушының дәрменсіздігін – көппәтерлі тұрғын үй құрылышымен байланысты емес қызмет бойынша соттың заңды құшіне енген шешімімен белгіленген, Құрылыш салушының "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған талаптарды толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіздігін кепілдік беру жағдайы деп тану туралы шешім қабылдайды.

12. Біріңғай оператордың жауапкершілігі кепілдік беру жағдайы басталған кезде туындейды. Шарт бойынша Біріңғай оператордың жауапкершілігінің мөлшері көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышын аяқтау үшін қажетті сомаға тең болады.

## **5-тaraу. Бірыңғай оператордың міндеттемелерді орындау тәртібі**

13. Кепілдік беру жағдайы басталған кезде Бірыңғай оператор мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) Уәкілетті компания кепілдік беру жағдайымен көппәтерлі тұрғын үй құрылышы бойынша міндеттемелерін орындау немесе тиісті орындау фактілерін тану туралы оң шешім қабылданған кезде келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Бірыңғай оператор Кепілдік беру жағдайының басталуы туралы хабардар етеді. Хабарлама Бірыңғай оператордың интернет- ресурсында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарландыру мәтінін орналастыру арқылы жүзеге асырылады;

2) Құрылыш салушыны және Уәкілетті компанияны және оның банкін кейінге қалдыру шартымен Уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқару шартының құшіне енуі туралы хабардар етеді;

3) қолданыстағы құрылыш мердігерлік шартын бұзу және басқа мердігермен (бас мердігермен) шарт жасасу арқылы мердігерді (бас мердігерді) ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

4) Уәкілетті компанияның басшылығын ауыстыру туралы шешім қабылданған жағдайда, екінші деңгейдегі банкті кейінге қалдыру шартымен Уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес, тағайындау туралы растайтын құжаттарды, сондай-ақ уәкілетті компанияның екінші деңгейдегі банктегі банктік шотын жүргізумен байланысты операцияларды жасау кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілеттік берілген адамдардың қолдарының үлгілері бар құжаттарды, жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, хабардар етеді;

5) Уәкілетті компанияның қаражаты жеткіліксіз болған кезде төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарында жеке қаражаты есебінен қарыз шартын жасау арқылы көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышын аяқтауды қаржыландырады. Мердігер (бас мердігер) мердігерлік шарт бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес орындаған жұмыстары үшін төлем инжинириングтік компания растаған, орындалған жұмыстар актілерінің негізінде Уәкілетті компанияның банктік шотынан жүргізіледі;

6) көппәтерлі тұрғын үй құрылышының аяқталу, оны пайдалануға қабылдау және үлескерлерге көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестерін беру барысына одан әрі мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

14. Бірыңғай оператордың шығындары Уәкілетті компания қаражатының есебінен толық өтелген жағдайда Уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқару шартының қолданысы Заңың талаптарына сәйкес тоқтатылады.

15. Көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышын аяқтау бойынша Бірыңғай оператордың қаражатын (шығындарын) өтеу үшін Уәкілетті компанияның қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда оларды өтеу жөніндегі міндетті берешектің тәуелсіз аудиторлық компанияның қорытындысымен олардың негізділігі расталғаннан кейін Бірыңғай оператордың алдындағы берешекті өтеу тәртібі туралы шартты жасасу арқылы субсидиарлық жауапкершілікпен Құрылыш салушы көтереді.

16. Шарттың 13, 14 және 15-тармақтарында көзделген әрекеттер орындалғаннан кейін берешекті өтеу тәртібі туралы шарт бойынша көппәтерлі тұрғын үй құрылышын аяқтау бойынша Бірыңғай оператордың қаражаттарын (шығындарын) өтеу үшін Құрылыш салушының қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда Бірыңғай оператор Қазақстан Республикасының оқалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес Құрылыш салушының банкроттығы рәсіміне бастамашылық жасайды.

17. Бірыңғай оператордың кепілдік беру туралы шартты тиісінше орындағаны жөніндегі талаптарына талап қоюдың ескіру мерзімдері қолданылмайды.

## **6-тaraу. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету**

18. Бірыңғай оператор Заң талаптарының негізінде:

азаматтық заңнамаға сәйкес Уәкілетті компаниямен аяқтамаған құрылыш объектісімен бірге көппәтерлі тұрғын үй құрылышы үшін арналған жер участкесін кепілге қою шартын;

Құрылыш салушымен:

азаматтық заңнамаға сәйкес Уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталындағы қатысу үлесін) кепілге қою шартын;

Кейінге қалдыру шартымен Уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталындағы қатысу үлесін) сенімгерлікпен басқару шартын жасайды. Мұндай сенімгерлікпен басқару шарты кепілдік беру жағдайы туындағанда күшіне енеді.

19. Бірыңғай оператордың кепіл талаптары кепіл нысанына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға қабылдағанға дейін әрекет етеді.

20. Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы шарт, көппәтерлі тұрғын үй салу жобасының жобалау-сметалық құжаттамасы, сондай-ақ мердігерлік шарт аталған шарттың ажырамас бөліктері болып табылады.

## **7-тaraу. Бірыңғай оператордың құқықтары мен міндеттері**

21. Бірыңғай оператор:

1) обьектіге келудің болжамды күніне дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Уәкілетті компанияны алдын ала хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамасы талаптарын сақтап, құрылыш обьектісінің аумағына кедергісіз кіруге;

2) Құрылыш салушыдан, Уәкілетті компаниядан көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышы бойынша, оның ішінде құрылыш барысы, тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы жасалған шарттар туралы кез келген ақпаратты және Занда айқындалған функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпаратты сұратуға;

3) жобалау-сметалық құжаттамадағы өзгерістерді келісуге;

4) Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес Құрылыш салушыға - борышкерге қатысты әкімші - уақытша басқарушы, уақытша әкімші (өкілі арқылы) функцияларын жүзеге асыруға;

5) құрылышты аяқтау жөніндегі өз шығыстарын өтеу үшін көппәтерлі тұрғын үйдегі өткізілмеген үлестерді, сондай-ақ Уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатуды ұйымдастыруға;

6) кепілдік беру жағдайы басталған кезде, көппәтерлі тұрғын үй пайдалануға қабылданғаннан кейін Құрылыш салушыға, Уәкілетті компанияға Бірыңғай оператордың көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышын аяқтауға жұмсалған шығыстарын өтеу туралы талап қоюға;

7) Уәкілетті компания құрылыш-монтаждау жұмыстарының (бұдан әрі – ҚМЖ) артта қалуын жою бойынша іс-шаралар жоспарын сақтамаған жағдайда құрылыш мерзімін ұзартпау;

8) Занда айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

22. Бірыңғай оператор:

1) кепілдік беру жағдайы басталған кезде көппәтерлі тұрғын үй құрылышын аяқтау жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруға;

2) құрылыш барысын бақылауды, сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің сақталуын, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес ақшаның нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласында инжинириングтік қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес инжинириингтік компаниямен шарт жасасуға;

3) құрылыш салушының, уәкілетті компанияның және инжинириингтік компанияның Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы заңнамасын бұзушылық фактілері туралы бұзушылық анықталған сәттен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей жергілікті атқарушы органға хабарлауға;

4) көппәтерлі тұрғын үй құрылышының барысы туралы ақпаратты, сондай-ақ инжинириингтік компанияның есептерін өзінің интернет-ресурсында орналастыруға;

5) Біріңгай оператордың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қазақ және орыс тілдерінде кепіл беру туралы шарттардың тізілімін өзінің интернет-ресурсында ай сайын орналастыруға;

6) өзіне немесе басқа адамдарға кез келген сыйақы, ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық, мүліктік және мүліктік емес сипаттағы пайда қабылдау түрінде өз функцияларын орындағаны үшін сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

7) кепіл беру процесін айқындайтын құжаттарды тізілімін өзінің интернет-ресурсында ай сайын орналастыруға міндеттенеді.

## **8-тaraу. Құрылыш салушының, Уәкілетті компанияның құқықтары мен міндеттері**

23. Құрылыш салушы және Уәкілетті компания:

1) осы Шарт бойынша бірыңғай оператордың міндеттемелерін орындау барысы туралы уақытылы ақпарат алуға;

2) Уәкілетті компанияның қарызды жабу - бірыңғай операторға салынған қаражатын өтеу қажеттілігі кезінде – тәуелсіз аудиторлық ұйымының растауын алуға;

3) Уәкілетті компания Жобаны жүзеге асырумен ғана байланысты мәмілелер жасауға және өзге міндеттемелер қабылдауға құқылы.

24. Уәкілетті компания көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышы бойынша төленген құрылыш-монтаждау жұмыстарының және жобалық құнын шегергендеңі үәкілетті компанияның банктік шотындағы ақшаның нақты қалдығының жиынтық сомасынан аспайтын соманы аудару жолымен банктік зайл бойынша негізгі борыштың бөлігін өтеуге құқылы.

25. Құрылыш салушы және Уәкілетті компания Бірыңғай операторға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес Құрылыш салушы – жыл сайынғы аудиторлық қорытындымен қоса, Уәкілетті компания - тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті осы Шарт қолданыста болған мерзімде ұсынуға міндетті.

26. Құрылыш салушы және Уәкілетті компания осы Шарт бойынша белгілі бір функциялар мен міндеттерді орындауға уәкілетті тұлғаға кез келген сыйақы, ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық, мүліктік және мүліктік емес сипаттағы пайда беру түрінде сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге міндетті.

27. Уәкілетті компания:

1) Құрылыш салушымен және мердігермен (бас мердігермен) бірге бір банктен қызмет алуға;

2) Бірыңғай оператордың сұрау салуы бойынша Жоба құрылышы туралы ақпаратты, оның ішінде тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы жасалған шарттардағы объектінің құрылыш барысы туралы және осы Шартта және Занда айқындалған функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпаратты ұсынуға;

3) занды мекенжай және (немесе) орналасу мекенжайы, атауы және (немесе) атқарушы орган өзгерген жағдайда, Бірыңғай операторды үш жұмыс күні ішінде растайтын құжаттармен қоса бере отырып, жана мәліметтер туралы жазбаша хабардар етуге;

4) жобалау-сметалық құжаттамаға жоспарланған өзгерістер мен толықтыруларды Бірыңғай оператормен жазбаша келісуге;

5) Жобага енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы Бірыңғай операторды өзгертілген жобалау-сметалық құжаттамаға кешенді ведомстводан тыс сараптаманың он қорытындысын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ақпарттандыруға;

6) Бірыңғай операторға кепілдік әрекетінің тоқтауын тудыратын (тудыруы мүмкін) кез келген жағдайлар туралы дереу хабардар етуге;

7) Бірыңғай оператор тарапынан Үлескердің Кепілге келісімін алуымен Бірыңғай оператордың міндеттемені орындауы үшін жауапкершілігі туралы Үлескерлерді жазбаша хабардар етуге;

8) Заңның 5-бабының 2) тармақшасына сәйкес тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласында уәкілетті органмен бекітілген үлгілік нысанға сәйкес тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу шарттарын жасасуға;

9) Жоба бойынша ҚМЖ өндіріс жұмыстарының бекітілген кестесінен күнтізбелік 30 (отыз) күнге артта қалған жағдайда, Уәкілетті компания күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде ҚМЖ артта қалуын жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және Бірыңғай оператормен келісуге;

10) осы тармақтың 8) тармақшасының талаптарына сәйкес әзірленген және келісілген ҚМЖ артта қалуын жою бойынша іс-шаралар жоспарына қатаң түрде сәйкес келетін жоба бойынша ҚМЖ-ның артта қалуын жою;

11) банк шоты бойынша Заңның талаптарына сәйкес енгізілген меншікті ақша бөлігінде ақшаны, көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестерді төлеуге алынған ақшаны, оның ішінде әрбір үлескерден түсетін түсімдер бөлігінде, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үй құрылышын қаржыландыру мақсатында берілген қарыз қаражатын (бар болса) есепке алуды қамтамасыз етуге және Заңның 20-бабы 8-тармағының талаптарына сәйкес ақшаның мақсатты жұмсалуын сақтауға міндettі.

## **9-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі**

28. Тараптар Шарт бойынша қабылданған міндettемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte жауапты болады. Осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапкершілік етеді.

29. Тараптардың бірінің осы Шарт бойынша өз міндettемелерін орындауы немесе тиісінше орындауы салдарынан болған залалдар толық сомада өндіріледі.

30. Бірыңғай оператордың алдында берешектерін өтеу тәртібі туралы шартты уақытылы жасаспаған және (немесе) уақытылы төлемеген жағдайда, Құрылыш салушы, Уәкілетті компания төлем күнін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасы бойынша мөлшерде кідіртілген әрбір күн үшін төлем сомасына өсімпұл төлейді.

31. Көппәтерлі тұрғын үй құрылышының аяқталуына салынған Бірыңғай оператордың жеке қаражаты көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышы аяқталғаннан кейін тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатудан түскен қаражат есебінен, сондай-ақ, Құрылыш салушының кепілін – Уәкілетті компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлесін өткізгеннен түскен ақша есебінен өтелуге (қайтарылуға) жатады.

32. Көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышын аяқтау бойынша Бірыңғай оператордың қаражатын (шығындарын) өтеу үшін Уәкілетті компанияның қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда оларды өтеу жөніндегі міндettі берешектің тәуелсіз аудиторлық компанияның қорытындысымен олардың негізділігі расталғаннан кейін Бірыңғай оператордың алдындағы берешекті өтеу тәртібі туралы шартты жасасу арқылы субсидиарлық жауапкершілікпен Құрылыш салушы көтереді. Уәкілетті компания/ Құрылыш салушы тәуелсіз аудиторлық компанияның қызметтерін сатып алуға шығындалған Бірыңғай оператордың қаражатын толық көлемінде өтеуі тиіс.

33. Берешекті өтеу тәртібі туралы шарт бойынша көппәтерлі тұрғын үй құрылышын аяқтау бойынша Бірыңғай оператордың қаражаттарын (шығындарын) өтеу үшін

Құрылыш салушының қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда Бірыңғай оператор Қазақстан Республикасының оқалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес Құрылыш салушының банкроттығы рәсіміне бастамашылық жасайды.

## 10-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

34. Тараптар, егер еңсерілмес күш жағдайлары салдарынан тиісті орындау мүмкін болмаған кезде осы Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

35. Еңсерілмес күш жағдайлары мыналарды қоса алғанда, бірақ осылармен шектеліп қоймайтын жағдайлар болып табылады: табиғи апаптар, әскери қозғалыстар, Тараптардың біріне осы Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін немесе тыйым салатын мемлекеттік билік және басқару органдарының актілері.

36. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін болмауына әкеп соғатын жағдайлар туындағанда, Тарап осы оқиғаның пайда болуынан кейін үш күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен расталған құжаттарды қоса ұсынып, басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті.

37. Егер еңсерілмес күштің жағдайлары 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам созылған жағдайда, кез келген Тарап осы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте, Тараптар осы Шартты бұзған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде нақты орындалған жұмыстар және жүргізілген төлемдер бойынша өзара есеп айырысуды жүргізуге міндетті.

## 11-тарау. Қорытынды ережелер

38. Осы Шартқа барлық өзгерістер және (немесе) толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды.

39. Жобаға Бірыңғай оператордың алдын ала жазбаша келісімісіз оның жауапкершілігін арттыратын немесе өзге қолайсыз салдар туғызатын өзгерістер енгізілетін жағдайда, Кепілдік тоқтатылады.

40. Бірыңғай оператордың кепілдік бойынша қосымша жауапкершілік қабылдаған жағдайда, Тараптар осы Шартқа қосымша келісімге қол қояды.

41. Тараптар арасында осы Шарттан туындастын немесе оған байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының соттарымен шешіледі.

42. Осы Шартпен тікелей қарастырылмай қалған барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

43. Осы Шарт үлескерлердің ақшаларын тарту мақсатында Уәкілетті компаниямен тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы шарттарын жасау үшін негіз болып табылады.

## 12-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі

44. Шарт Уәкілетті компания осы Шарттың 5-тармағында белгіленген мерзімдерде және көлемде кепілдік жарнасын төлеген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін әрекет етеді.

45. Шарт бірдей зандық күші бар үш данада орыс және қазақ тілдерінде, әр Тарап үшін – бір-бір данадан жасалды.

46. Осы Шарт шеңберінде Тараптар жіберетін хат-хабарлар жазбаша нысанда ( фирмалық бланктегі, уәкілетті тұлғалармен қол қойылған және қажетінше электрондық нұсқада) ұсынылады және осы Шартқа сәйкес оларды қарау үшін ерекше тәртіп көзделген хабарламаларды қоспағанда, Тараптар хат-хабарды қабылдаған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

47. Хат-хабар:

1) Тараптардың кеңесінің/іс жүргізушінің белгісі;  
2) қабылдау туралы хабарлама алған күнінен бастап немесе хатқалтамен тиісті Тарапқа пошта немесе курьерлік байланыс арқылы төмендегі мекенжай бойынша поштаға/курьерге тапсырғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күннен кейін тиісінше қабылданап алынған болып есептеледі:

Бірыңғай оператор үшін:

"\_\_\_\_\_ " акционерлік қоғамы

Занды тұлға басшысының назарына

Мекенжай:

Электрондық пошта:

Құрылыш салушы/Уәкілетті компания үшін:

"\_\_\_\_\_ " акционерлік қоғамы/жауапкершілігі шектеулі серікtestігі

Занды тұлға басшысының назарына

Қазақстан Республикасы,

\_\_\_\_\_ Телефон: \_\_\_\_\_.

Телефакс: \_\_\_\_\_.

Электрондық пошта: \_\_\_\_\_.

48. Кез келген Тараптың осы шарттың 13-бабында көрсетілген мекенжайы мен деректемелері өзгерген жағдайда, тиісті Тарап басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге тиіс. Мұндай хабарлама болмаған жағдайда, осы Шартта көрсетілген мекенжай мен деректемелер бойынша жолданған хат-хабар тиісінше қабылданған болып есептеледі.

49. Тараптар ақпарттық сипаттағы хат-хабарды басқа Тарапқа факс байланысы және /немесе электрондық пошта арқылы жолдай алады.

Бұл ретте, жіберуші Тарап басқа Тарапқа хат-хабарды жібергені туралы растауы міндетті. Растав:

факс байланысы арқылы – хат-хабар мәтінін қабылдан алған Тараптың қабылдан алуды туралы белгі қою жолымен немесе тиісті факс аппаратының үзінді жазбасы болған;

электрондық пошта арқылы – оқығаны туралы хабарлама алуды немесе электрондық хатты алғаны туралы жауапты хабарлама жіберген жағдайда тиісінше жүзеге асырылған болып саналады.

### **13-тaraу. Тараптардың заңды мекенжайы және деректемелері**

50. Уәкілдік компания:

атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

заңды (нақты) мекенжайы:

телефон: \_\_\_\_\_.

телефакс: \_\_\_\_\_.

Банк деректемелері:

Клиенттің сәйкестендіру коды (бұдан әрі – КСК)

Бизнес-сәйкестендіру коды (бұдан әрі – БСК)

Код

Банк:

Банктің мекенжайы:

Уәкілдік ұйымның атынан әрекет ететін Уәкілдік ұйымның басшысы немесе  
Уәкілдік тұлға

\_\_\_\_\_,  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы

Мөр орны (болған жағдайда)

50. Бірыңғай оператор:

атауы, БСН

заңды (нақты) мекенжайы:

телефон: \_\_\_\_\_.

телефакс: \_\_\_\_\_.

Банк деректемелері:

КСК

БСК

Код

Банк:

Бактың мекенжайы:

Бірыңғай оператордың атынан әрекет ететін Бірыңғай оператордың басшысы немесе Уәкілдегі тұлға

\_\_\_\_\_,  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы

Мөр орны (болған жағдайда)

51. Құрылым салушы:

атауы, БСН

занды (нақты) мекенжайы:

телефон: \_\_\_\_\_.

телефакс: \_\_\_\_\_.

Банк деректемелері:

КСК

БСК

Код

Банк:

Бактың мекенжайы:

Ұйымның атынан әрекет ететін ұйымның (құрылым салушының) басшысы немесе Уәкілдегі тұлға

\_\_\_\_\_,  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы

Мөр орны (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика

министрлігінің тұрғын үй

құрылымына үлестік қатысу

саласындағы өзгерістер

енгізілетін кейбір

бұйрықтарының тізбесіне

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2016 жылғы 28 шілдедегі

№ 343 бұйрығымен

бекітілген

### Тұрғын үй құрылымына үлестік қатысу туралы шарттың үлгілік нысаны

\_\_\_\_\_ қаласы 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Бұдан әрі "Уәкілдегі компания" деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан  
негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, және бұдан әрі "  
Үлескер" деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде  
әрекет ететін \_\_\_\_\_, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп

аталатындар, "Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) талаптарына сәйкес мына төмендегілер туралы Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

## 1. Шарттың мәні

1. Шарт бойынша Уәкілетті компания жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша орналасқан көппәтерлі тұрғын үй құрылышын 20\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімде аяқтауды қамтамасыз етеді және осы Шарттың үлгілік нысанына 1-қосымшага сәйкес нысанда көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін беру туралы шарт бойынша пайдалануға қабылдау туралы тіркелген акті болған жағдайда 60 қүнтізбелік күн ішінде Үлескерге оның үлесін осы шарттың үлгі нысанына 2-қосымшага сәйкес үлестің сипаттамасын көрсете отырып, жалпы алаңы \_\_\_\_\_ шаршы метр тұрғын/тұрғын емес үй жайдағы үлесін береді. Көппәтерлі тұрғын үй салуға арналған алаңы \_\_\_\_\_ га жер участкесінің Уәкілетті компанияға тиесілігі мынадай құжаттармен расталады (қажеттісін таңдау):

\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ жер участкесіне жеке меншік құқығы актісі, немесе

\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ жер участкесіне тұрақты жер пайдалану құқығына

акті, жер участкесін беру туралы жергілікті атқарушы органның \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" № \_\_\_\_\_ қаулысы, жеке меншік немесе жер пайдалану құқығымен жер участкесін сатып алу-сату туралы \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шарт.

2. Үлескер Уәкілетті компанияның осы Шарттың 5, 6-тармақтарына сәйкес мөлшерде және тәртіппен, Шарттың 39-тармағында көрсетілген банк шотына ақша салады және тіркелген көппәтерлі тұрғын үйдегі пайдалануға қабылдау актісі болған жағдайда көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін алады.

3. Осы Шартты Уәкілетті компания заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға қабылдау актісін алғанға дейін жасасады.

4. Уәкілетті компания мен Үлескер арасында осы Шартты жасау үшін құрылышты ұйымдастырудың әдісіне байланысты мына негіздемелердің бірі негіздеме болып табылады:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган) тұрғын үй құрылышына үлескерлердің ақшасын тартуға берілген рұқсаттың болуы;

2) тұрғын үй құрылышының Бірынғай операторына кепілдік беру туралы шарттың болуы.

## **2. Шарттың құны және есеп айырысу тәртібі**

5. Улескер үлестік қатысу ретінде Уәкілетті компанияның банк шотына тұрғын үйдің жалпы алаңының 1 шаршы метрі үшін \_\_\_\_ (сомасы жазумен) теңге есебіне сүйене отырып, \_\_\_\_ (сомасы жазумен) теңге сомасында және/немесе \_\_\_\_ (сомасы жазумен) теңге есебіне көлік қою орнына ақша салады.

6. Улескер "Улескердің көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесіне төлем кестесі" деген осы Шартқа 3-қосымшада белгіленген мөлшерде және мерзімде ақша салады.

7. Осы Шарттың 1-тармағында көрсетілген көппәтерлі тұрғын үйді салу мақсатында Улескердің ақшасын тарту үшін Улескер ақшаны осы Шарттың 38-тармағында көрсетілген Уәкілетті компанияның банк шотына аударуды жүзеге асырады. Уәкілетті компанияға Улескердің ақшасын өзге банк шоттарына тартуға жол берілмейді.

8. Шарттың құны бекітілген болып табылады және ұлғаюға жатпайды.

## **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

9. Уәкілетті компания:

1) Шартқа қол қойылғанға дейін Улескерге Тұрғын үй құрылышының бірыңғай операторымен жасасқан тұрғын үй құрылышына кепілдік беру туралы шартпен немесе жергілікті атқарушы органның тұрғын үй құрылышына үлескерлердің ақшасын тартуға берілген рұқсатпен таныстыруға;

2) Заң талаптарына сәйкес құрылышты аяқтау және көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестерін беру үшін құрылыш жұмыстары мен басқа шығыстардың төлемін қамтамасыз етуге;

3) көппәтерлі тұрғын үйдің құрылыш барысына сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес техникалық қадағалауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге;

4) Занда белгіленген тәртіппен жеке және занды тұлғаларға көппәтерлі тұрғын үй құрылышының барысы туралы ақпарат беруге;

5) Тараптар Шартқа (оған енгізілетін өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға) қол қойған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, белгіленген тәртіппен есепке қою үшін барлық қажетті құжаттарды көппәтерлі тұрғын үйдің орналасқан жер бойынша жергілікті атқарушы органға ұсынуға;

6) Шартты жергілікті атқарушы органды есепке қойғаннан кейін Шарттың есеп жазбасы туралы үзіндіні, осы Шарттың 40-тармағында Улескер көрсеткен мекенжай бойынша, поштамен жіберу арқылы немесе жеке қолына қолхат табыстау арқылы Улескерге беруге;

7) Шартта белгіленген мерзімде көппәтерлі тұрғын үйді салуды, оны пайдалануға қабылдауды, Улескерге көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін беруді қамтамасыз етуге;

8) Шарттың 4-қосымшасына сәйкес көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесті тапсыру актісінде Үлескер көрсеткен кемшіліктерді жоюды қамтамасыз етуге;

9) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген көппәтерлі тұрғын үйді көрсеткіштерінің кепілдік мерзімі ішінде сақталуын қамтамасыз етуге;

10) осы Шарт бойынша Үлескер өзінің үлесінің құнын төлеу бойынша міндеттемесін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда, Үлескерді пошта арқылы кезекті төлемнің төленбекендігі туралы хабардар етуге міндеттеледі. Мұндай хабарлама тізімдемемен қоса тапсырысты хат арқылы немесе Үлескерге жеке қолына қолхат табыстау арқылы жүзеге асырылады.

Үлескердің шарттық міндеттемелерді орындаудан бас тартқан фактісін тану үшін жалпы мерзімі кемінде үш ай төлемнің (төлемдердің) төленбекені туралы кемінде үш хабарламаның болуын анықтау қажет.

#### 10. Үәкілетті компания:

1) Заңның 16-бабының 5-тармағында көзделген жағдайда:

кейіннен талап ету құқығын басқаға беруді ресімдеуде жәрдем көрсете отырып (бұрынғы үлескерге енгізілген ақшаларын қайтара отырып), үшінші тұлғадан осындай үлесті төлеуге арналған қаржыландыруды (ақшаларды) қабылдан алуға;

шартты бұзуға және үлесті үшінші тұлғаға өткізуге және сатудан түскен ақшаны көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға қабылдан алған күннен бастап үш ай ішінде Үлескерге өткізуден түскен ақшаны қайтарып беруге не бұрынғы Үлескер осы ақша үшін жүгінгенге дейін оның банктік шотта сақталуын қамтамасыз етуге;

Үлескер белгіленген мерзімде үлесті қабылдаудан бас тартқан кезде, көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесті беру туралы Шартта көзделген күннен бастап бір ай өткеннен кейін наразылық болмаған жағдайда Үлескерді көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесті мәжбүрлеп қабылдау туралы сотқа жүгінуге не Шартты бұзуға және үлесті үшінші тұлғаға өткізуге және үлес өткізілген сәтінен бастап үш айдың ішінде Үлескерге оның көппәтерлі тұрғын үйдегі сатып алған үлесі үшін енгізген сомасына тең соманы Үлескерге қайтаруға;

2) Үлескерден әрбір кешіктірілген күн үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге тиісті сомадан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) қолданумен бірге кейінгі үш ай өткеннен кейін 6-тармақта көзделген талаптарды оның бұзуы жағдайында Үәкілетті компанияның банк шотына енгізу жолымен төлемді қабылдан алуға;

3) салынған көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін Үлескерге үлесті беру туралы міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға құқылды.

#### 11. Үлескер:

1) осы Шарттың талаптарын уақытында орындауға;

2) Уәкілетті компанияның банк шотына Шарттың 5, 6-тармақтарында көзделген мөлшерде және тәртіппен ақша салуға;

3) көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға қабылдау туралы тіркелген акті болған кезде Үлескер Уәкілетті компаниядан хабарлама алған кезден бастап құнтізбелік отыз күн ішінде көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін беру туралы шартқа қол қоя отырып, көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін қабылдауға;

4) нақты мекенжайы және (немесе) басқа да дербес деректері өзгерген жағдайда, бұл туралы Уәкілетті компанияны құнтізбелік отыз күн ішінде жазбаша хабардар етуге;

5) техникалық паспортты жасауға және Үлескердің үлеске меншік құқығын тіркеуге байланысты шығыстардың төлемін жүргізуге;

6) осы Шарттың 11-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мерзім өткен күнінен бастап тиісті коммуналдық ұйымдармен шарттар жасасқанға дейін Үлескер пайдаланған жылу/су/энергия ресурстарының тұтынған санын, көріз, қоқыс шығару және көппәтерлі тұрғын үйді күтіп-ұстау бойынша көрсетілген қызметтерді өтеу бойынша Уәкілетті компанияның шығындарын өтеуге;

7) көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін беру туралы Шартқа қол қойылған күнінен бастап, Үлескер оған меншік құқығын уәкілетті органдан 30 құнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркеуге;

8) Үлескер өз үлесінің меншік құқығын тіркегенге дейін қайта жоспарлауды (реконструкциялауды, қайта жабдықтауды) жүргізбеуге міндеттенеді.

## 12. Үлескер:

1) Уәкілетті органдан Заңның 22-бабында айқындалған ақпаратты алуға;

2) Уәкілетті компаниядан Шарт талаптарының тиісінше орындалуын талап етуге;

3) Уәкілетті компания Заңның 22-бабында көзделген толық және дәйекті ақпаратты ұсынбаған жағдайда, Шартты жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

4) Үлескердің тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы шарт бойынша ол шарттың бағасын төлегеннен кейін немесе бір мезгілде, Уәкілетті компания келіскең жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес борышын қолма-қол емес тәртіппен жаңа Үлескерге аударғаннан кейін ғана талап ету құқығын беруге;

5) жұмыс нәтижелерін қабылдап алу кезінде жобалау-сметалық құжаттамадан және Шарттан ауытқуларды анықтаған жағдайда, Уәкілетті компаниядан тараптармен келісілген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюды талап етуге құқылы.

## 4. Үлесті қабылдау-беру тәртібі

13. Үлескер үлесті төлеу бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда көппәтерлі тұрғын үйдегі Үлескердің үлесін беруді көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға қабылдау туралы тіркелген актісіне қол қойылғаннан және үлескермен өткізу актісінде

көрсетілген кемшіліктер жойылғаннан кейін Уәкілетті компания жүзеге асырады. Уәкілетті компания Үлескерге үлесін беру мерзімін Шарт талаптарында көзделген төлемдерді Үлескердің кешіктіруінің жалпы мерзіміне ұзартуы мүмкін.

14. Уәкілетті компания Үлескерге Шарт бойынша көппәтерлі тұрғын үй құрылышының аяқталуы және үлесті беруге дайын екендігі туралы хат жолдайды, сондай-ақ, Үлескерді үлесін қабылдап алу қажеттігі туралы және осы Шарттың 10-тармағының 1) тармақшасында көзделген Үлескердің әрекетсіздігінің салдары туралы ескерtedі. Хат пошта арқылы тізлімі қоса берілген тапсырысты хатпен жіберілуі немесе Үлескердің жеке қолына қолхат арқылы табысталуы тиіс.

15. Уәкілетті компанияның көппәтерлі тұрғын үй құрылышының аяқталғаны туралы және көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестің беруге дайын екендігі туралы жазбаша хабарламасын алған Үлескер тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы шартта көзделген мерзімде немесе, егер мұндай мерзім белгіленбеген болса, көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны қабылдауға кіріседі.

16. Уәкілетті компанияның Үлескерге үлесті беруі көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесті беру туралы шартқа қол қою арқылы жүзеге асырылады.

17. Шарттың талаптарына сәйкес салынған көппәтерлі тұрғын үйге кепілдікті мерзім тұрғын ғимарат пайдалануға қабылданған күннен бастап екі жылдан кем болмайды.

## **5. Еңсерілмейтін күш жағдайлары**

18. Еңсерілмес күш жағдайлары Уәкілетті компанияның, Үлескердің тарапынан бақылауға бағынбайтын және Тараптарға осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін оқиғаны білдіреді.

19. Еңсерілмес күш жағдайлары мынадай: әскери қимылдар, табиғи және дүлей зілзалалар, індет, карантин сияқты оқиғаларды қамтиды (бірақ шектелмейді).

20. Осы Шарттың 18-тармағында көрсетілген жағдайлар, егер оларды тиісті мемлекеттік органдар және өзге ұйымдар тиісті түрде растаса, занды болады.

21. Еңсерілмес күш жағдайларына:

1) Уәкілетті компанияның, Үлескердің қасақана және байқамай істеген әрекеттерінен туындаған оқиғалар;

2) осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін адал орындаған жатқан Тарап алдын алуға немесе еңсеруге болатын оқиғалар;

3) Үлескерде ақшаның болмауы немесе оның төледі жүзеге асырылмауы жатпайды;

4) Еңсерілмейтін күш жағдайлары нәтижесінде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауда кедергіге ұшыраған тарап еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғаннан бастап 5 жұмыс күні ішінде еңсерілмейтін күш жағдайлары туындағаны туралы басқа Тараптарды жазбаша хабардар етеді.

22. Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы, егер бұл форс-мажордың салдары болып табылса, форс-мажор жағдаяттарының әсеріне үшіраған тараптың осындай салдарларды жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы шартымен, осы Шартты бұзу немесе одан бас тарту ретінде қаралмайды.

23. Еңсерілмейтін күш жағдайлары тоқтағаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде зардап шеккен тарап еңсерілмейтін күш жағдайлары тоқтағаны туралы екінші тарапқа хабарлайды және осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін жүзеге асыруды жалғастырады. Бұл ретте осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі Еңсерілмейтін күш жағдайлары әсер еткен уақытқа мөлшерлес ұзартылады.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі**

24. Үлескер көппәтерлі тұрғын үй құрылышын жүзеге асыру кезінде Уәкілетті компанияның қаржылық және өзге де тәуекелдері үшін жауапкершілікте болмайды.

25. Уәкілетті компания құрылыштың барысы мен сапасына бақылауды қамтамасыз ету бойынша жауапкершілік етеді.

26. Уәкілетті компания көппәтерлі тұрғын үй құрылышы үшін салынған ақшага иелік етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Шартта көзделген:

1) Үлескерлердің ақшасын мақсатына сай және уақытылы пайдалану;

2) объектіні салу кезінде нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарының сақталуы;

3) қолдаланылатын құрылыш материалдарының, конструкциялардың сапасы және құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізу;

4) объектіні пайдалануға беру мерзімдері;

5) Үлескерге оның үлесін беруі үшін жауапты болады.

27. Уәкілетті компания мердігерге (бас мердігерге) біліктілік талаптарын қою арқылы оны таңдағаны үшін жауапты болады.

28. Үлескер Шарттың 5, 6-тармақтарын орындауы салдарынан болған бұзушылықты қоспағанда, Уәкілетті компания Үлескерге көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін (тұрғын немесе тұрғын емес үй жайды) беру мерзімін бұзған жағдайда, Уәкілетті компания Заңның 19-бабының 11-тармағында және 37-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Үлескерге әрбір кешіктірілген күн үшін Үлескердің Шарт бойынша төлеген сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Тұрғын үй құрылышының бірыңғай операторы ұсынған кепілдік бойынша кепілдік беру жағдайы пайда болғанда, өсімпұлды есептеу тоқтатылады.

29. Уәкілетті компания үлес алаңының азауы/ұлғауына әкеп соққан жобалау-сметалық құжаттамадан және Шарттан ауытқулар үшін жауапты болады.

Бұл ретте, үлес алаңының кемінде 3%-ға азауы/ұлғауы жобалау-сметалық құжаттамадан және Шарттан ауытқушылық болып табылмайды.

30. Үлескер Шарттың 5 және 6-тармақтарында көзделген мөлшерде және тәртіппен Үәкілдік компанияның банк шотына ақша енгізу мерзімін бұзған жағдайда, Үлескер Үәкілдік компанияға Шарттың талаптарына сәйкес Үәкілдік компанияның банк шотына енгізу арқылы Үлескер төлеуге тиіс соманың 0,1 %-ы мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

## 7. Қосымша ережелер

31. Осы Шарт салынып жатқан тұрғын ғимараты орналасқан жер бойынша жергілікті атқарушы органда есепке алынған кезден бастап Тараптар арасында жасалған болып саналады.

32. Шарт жасалғаннан кейін Тараптардың келісімі бойынша оған қосымша келісім жасасу арқылы міндетті түрде белгіленген тәртіппен қосымша келісімді есепке қойып, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Тараптар осы Шартты жасасқан кезде Шартқа қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге ережелер енгізілуі мүмкін.

33. Үлескердің міндеттемелері Шартқа сәйкес ақша толық көлемде төленгеннен кейін және көппәтерлі тұрғын үйдегі үлес қабылданғаннан кейін орындалған болып саналады.

34. Үлескерге үлесін беру бойынша Үәкілдік компанияның міндеттемелері көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға қабылдап алған және Тараптармен Үлескерге көппәтерлі тұрғын үйдегі тиісті үлесін беру шартына қол қойылған сәттен бастап орындалған болып саналады. Үлескер үлесті алудан жалтарған жағдайда, Үәкілдік компанияның міндеттемелері осы Шарттың 10-тармағының 1) тармақшасында көзделген шаралар жүзеге асырылған сәттен бастап орындалған болып саналады.

35. Құрылыш сапасы бөлігінде Үәкілдік компания мен мердігердің (бас мердігердің) міндеттемелері кепілдік мерзімі өткеннен кейін және кепілдік мерзімі ішінде пайда болған жобалау-сметалық құжаттамада және Шартта көрсетілген көппәтерлі тұрғын үй құрылышының сапалық көрсеткіштерінің сәйкестігін бұзушылықтарды жою бойынша міндеттемелерін орындағаннан кейін орындалған болып есептеледі.

36. Тұрғызылған көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану тәуекелін оны Үлескерге нақты бергенге дейін осы Шарттың 10-тармағының 1) тармақшасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Үәкілдік компания көтереді. Көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесті нақты бергеннен кейін кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану тәуекелі Үлескерге өтеді.

37. Шарт бірдей зандық күші бар үш данада қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

38. Үлестің жоспар-схемасы, қабаттылығы, сондай-ақ құрылым объектісінің жобалау құжаттамасына сәйкес Үлескерге берілуге тиіс көппәтерлі тұрғын үйдегі тұрғын үй-жайға қатысты сапалық сипаттамасы осы шарттың үлгілік нысанында З-қосымшада көрсетілген.

39. Шартты орындауға байланысты туындауы мүмкін барлық даулар келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Шарт жасалғаннан кейін, егер Шартта мұндай жағдайлар мен оны өзгерту/толықтыру шарттары көзделген болса, Тараптардың келісімі бойынша оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 8. Тараптардың мекенжайлары мен банкдеректемелері

40. Уәкілді компания:

Атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

Заңды (нақты) мекенжайы:

Телефон: \_\_\_\_\_.

Телефакс: \_\_\_\_\_.

Банк деректемелері:

Клиенттің сәйкестендіру коды (бұдан әрі – КСК)

Бизнес-сәйкестендіру коды (бұдан әрі – БСК)

Код

Банк:

Банктің мекенжайы:

Уәкілді компанияның атынан әрекет ететін Уәкілді компанияның басшысы немесе Уәкілді тұлғасы

\_\_\_\_\_,  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) \_\_\_\_\_ қолы

Мөр орны (болған жағдайда)

41. Үлескер:

Жеке тұлға үшін:

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Үлескердің тұлғасын куәландыратын құжаттың декетемелері:

Құжаттың №, берілген күні, қолданылу мерзімі, берген орган.

ЖСН:

Тіркелген және тұратын мекенжайы, байланыс телефоны:

Банк деректемелері:

КСК

БСК

Код

Банк:

Банктің мекенжайы:

\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы

Занды тұлға үшін:

Атауы, БСН

Занды (нақты) мекенжайы, байланыс телефоны,

Банк деректемелері:

КСК

БСК

Банк

Код

Банктің мекенжайы:

Бірінші басшы немесе занды тұлғаның атынан әрекет ететін уәкілетті тұлға

\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы

Мөр орны (болған жағдайда)

Тұрғын үй құрылышына  
үлестік қатысу туралы  
2016 жылғы 28 шілдедегі  
№ 345 шарттың үлгілік  
нысанына  
1-қосымша  
Нысан

## Көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесті беру туралы шарт

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

(Шарт жасасу орны)

Бұдан әрі "Уәкілетті компания" деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан  
\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, бірінші тарап,  
және бұдан әрі "Үлескер" деп аталатын \_\_\_\_\_, екінші тарап,  
бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, "Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу  
туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-  
бабының, Уәкілетті компания мен Үлескер арасында жасалған Тұрғын үй құрылышына  
үлестік қатысу туралы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_ шарттың (бұдан әрі – Шарт)  
және 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_ тіркелген, 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_  
көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға беру актісінің негізінде бірлесіп осы көппәтерлі  
тұрғын үйдегі үлесті беру туралы шартты (бұдан әрі – Беру туралы шарт) төмендегілер  
туралы жасасты:

1. Осымен Уәкілетті компания үlestі тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайы түрінде береді, ал Үлескер үлесін қабылдап алады (қажеттінің астын сызу).

Көрсетілген үлес осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес \_\_\_\_ қабатта орналасқан және тұрғын жайдың жалпы алаңы \_\_\_\_ шаршы метрді құрайды.

2. Уәкілетті компания осы Шартқа қол қойып, Үлескерге \_\_\_\_ данада үлесінің кілтін береді.

3. Үлескер қабылдап жатқан үлеске құрылыш сапасы, техникалық нормалары және оның санитариялық жай-күйі бойынша наразылықтары жоқ.

4. Уәкілетті компания осы Шартқа сәйкес үlestің құнын төлеуі бойынша Үлескерге наразылығы жоқ.

5. Осы Шарт бірдей заңдық күші бар 3 (үш) данада қазақ және орыс тілдерінде жасалды және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мен олармен туралы мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда оны тіркеу үшін құқық белгілейтін құжатқа жатады.

6. Тараптар арасында осы Шарттан немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық даулар келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде сот тәртібінде шешіледі.

7. Осы Үлеске меншік құқығын Үлескерге беру туралы шарт жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуге жатады.

8. Үлескер осы Беру туралы шартты мемлекеттік тіркелгеннен кейін үlestің меншік иесі болады.

9. Осы уақытқа дейін Уәкілетті компанияның үлесі ешкімге берілмеген, кепілге салынбаған, дауда және тыйым салынған (тыйымда) тұрған жоқ, үшінші тұлғалардың құқығымен шектелмеген.

Тараптардың қолдары:

Уәкілетті компания:

Атауы, БСН, БСК

Заңды (нақты) мекенжайы:

Телефон: \_\_\_\_\_.

Басшысы \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы

Мөр орны (болған жағдайда)

Үлескер:

Жеке тұлға үшін:

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

---

Үлескердің тұлғасын куәландыратын құжаттың декетемелері:

Құжаттың №, берілген күні, әрекет ету мерзімі, берген орган.

ЖСН:

Тіркелген және тұратын мекенжайы, байланыс телефоны:

Т.А.Ә. болған жағдайда) қолы

## КОЛЫ

## Занды тұлға үшін:

Атауы, БСН

Занды (нақты) мекенжайы, байланыс телефоны,

Бірінші басшы немесе заңды тұлғаның атынан әрекет ететін үәкілетті тұлға

ТАЭ болған жағдайда) көпшілік

## Мөр орны (болған жағдайда)

Тұрғын үй құрылышына  
үлестік қатысу туралы  
2016 жылғы 28 шілдедегі  
№ 345 шарттың үлгілік  
нысанына  
2-косымша

## **Үлестің сипаттамасы**

1. Уәкілетті компанияның Үлескерге ұсынатын үй-жайдың мекенжайы:

Үй- жайдың түрі	№ үй	№ қабат	Үлестің жалпы алаңы (шаршы метр)	Үй-жайдың нөмірі	Ескерту

2. Құрылым кестесіне сәйкес көппәтерлі түрғын үйді тапсыру мерзімі;
  3. Үлескерге берілетін үлестің жоспар-схемасы;
  4. Көппәтерлі түрғын үйдің техникалық сипаттамасы (ғимараттың конструктивтік элементтері, пәтердің ішкі әрленуі, есіктер, ғимараттың қасбеті мен кіру топтарын аныту, шатыр, инженерлік коммуникациялар, абаттандыру, күзет және басқалар).

Тұрғын үй құрылышына  
үлестік қатысу туралы  
2016 жылғы 28 шілдедегі  
№ 345 шарттың үлгілік  
нысанына  
3-қосымша

Ұлескердің көпшіліктерлі турғын үйдегі ұлесін төлеу кестесі

Тұрғын үй құрылышына  
ұлестік қатысу туралы  
2016 жылғы 28 шілдедегі  
№ 345 шарттың үлгілік  
нысанына  
4-қосымша

## Көппәтерлі тұрғын үйдегі ұлесті беру актісі

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(Актіні жасасу орны)

Бұдан әрі "Уәкілетті компания" деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан  
\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, бірінші  
тараптан, және бұдан әрі "Үлескер" деп аталатын \_\_\_\_\_,  
екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, "Тұрғын үй  
құрылышына ұлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы  
Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабы 3-тармағының, Уәкілетті компания мен Үлескер (\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_) арасында жасалған Тұрғын үй құрылышына ұлестік қатысу туралы 20  
\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_ шарттың (бұдан әрі – Шарт) және әділет  
органдарында 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_ тіркелген, көппәтерлі тұрғын үйді  
пайдалануға қабылдау туралы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_ актісінің негізінде  
бірлесіп осы көппәтерлі тұрғын үйдегі ұлесті беру актісін (бұдан әрі – Акт)  
төмендегілер туралы жасасты:

1. Осымен Уәкілетті компания \_\_\_\_\_ мекенжайы  
бойынша орналасқан ұлесті (тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайы түрінде) береді, ал  
үлескер үлесін қабылдап алады (керегінің астын сыйзу).

Көрсетілген үлес осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес \_\_\_\_ қабатта орналасқан және  
тұрғын жайдың жалпы аланы \_\_\_\_ шаршы метрді құрайды.

2. Үлескер қабылдап жатқан ұлесте техникалық және санитарлық нормалар,  
құрылыш нормалары мен ережелері бойынша анықтаған кемшіліктердің тізбесі, атап  
айтқанда:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
Үлескер: \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_  
(қолы) (T.A.Ә. (болған жағдайда), күні)

3. Менің, \_\_\_\_\_  
(T.A.Ә.) (болған жағдайда)

берілетін үлеске құрылыштың сапасы, техникалық нормалары мен санитариялық жағдайы бойынша наразылығым жоқ. Уәкілетті компания белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жойды, наразылықтың жоғы Үлескердің қолымен расталады:

4. Осы Акт бірдей зандық күші бар екі данада қазақ және орыс тілдерінде жасалды және қол қойылды.

5. Тараптар арасында осы Актіні орындауға немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық даулар келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде сот тәртібінде шешіледі.

## Тараптардың қолдары:

## Үәкілетті компания:

Аталуы, БСН, БСК

Занды (нақты) мекенжайы:

Телефон: ..

Басшысы \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_  
ТАӘ (болған жағдайда) қолы

## Мөр орны (болған жағдайда)

Улескер:

## Жеке тұлға үшін:

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Үлескердің тұлғасын куәландыратын құжаттың деректемелер

## Күжат

ЖСН:

Түркеленін жөне тұратының мекемнәжайы, салттан  
—, —  
ТАӘ (бодған жағдайда) — копы

Т.А.О. (бейнап жаң)

## Задвиғи ғұна Аташы БСН

Занды (шактты) мекенжайтың байланыш телефонды

Бірінші басшы немесе заңды тұлғаның атынан әрекет ететін үкіметті тұлға

Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы

## Мөр орны (болған жағдайда)"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігінің тұрғын үй  
құрылышына үлестік қатысу  
саласындағы өзгерістер

енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 28 шілдедегі  
№ 347 бұйрығымен  
бекітілген

## **Кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервті есептеу және қалыптастыру әдістемесі**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервті есептеу және қалыптастыру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Әдістеме Тұрғын үй құрылышының бірыңғай операторының (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) Заңда көзделген кепілдік беру жағдайларында көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышын аяқтау мен байланысты міндеттемелерді жабу үшін кепілдік беру туралы шартты жасасу күніне нысаналы деңгеймен резерв мөлшерін есептеуін және қалыптастыруын регламенттейді.

Бұл ретте резерв көлемін қайта есептеу тоқсан сайын Бірыңғай оператордың нормативтік актілеріне сәйкес жүргізіледі.

3. Осы Әдістемеде бірыңғай қолдану мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) болжамды шығындар/залалдар (Expected losses – EL) - кепілдік беру жағдайының туындау ықтималдығын есепке ала отырып, көппәтерлі тұрғын үйдің құрылышын аяқтау барысында туындайтын болжамды шығыстардың сомасы;

2) кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервтің нысаналы деңгейі (Target Reserve Ratio – TRR) – пайызбен берілген Бірыңғай оператор шығындарының/ залалдарының жиынтық сомасының кепілдік міндеттемелерінің жиынтық сомасына қатынасы;

3) кепілдік беру жағдайының туындау ықтималдығы (Probability of Default – PD) – уәкілдегі компанияның/құрылыш салуышының кепілдік беру туралы шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудың әкеп соғатын жағдайлардың (объективті және субъективті) жиынтығы;

4) кепілдік міндеттемелерінің сомасы (Exposure at Default – EAD) - тәуелсіз баға беру компаниясының есебімен және орындалған жұмыстар актісімен расталған

аяқталмаған құрылымдың құнын шегергенде Заңмен айқындалған көппәтерлі түрғын үйдің жобалық құны.

5) көзделмеген шығыстар (Unexpected Losses – UL) - кепілдік беру жағдайының туындау ықтималдығының белгілі-бір деңгейімен пайда болатын, шығындардың болжамды мәнінен ауытқулар;

6) көппәтерлі түрғын үйдің құрылымын аяқтау кезінде қалпына келмейтін ресурстардың үлесі (Loss Given Default – LGD) – көппәтерлі түрғын үйдің құрылымын аяқтау қорытындылары бойынша қалпына келмейтін шығындардың жиынтық сомасының үлесі;

7) шығындардың/залалдардың жиынтық сомасы (Covered Losses - CL) – кепілдік беру жағдайы болған кезде көппәтерлі түрғын үйдің құрылымын аяқтау барысында туындайтын болжамды және көзделмеген шығыстардың сомасы.

## **2-тaraу. Кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервтің мөлшерін есептеу және айқындау тәртібі**

4. Кепілдік жағдайларды реттеуге арналған резерв мөлшерін модельдеу шығындардың/шығындардың жиынтық сомасын (күтілетін және күтілмеген шығындардың/шығындардың сомасы болып табылатын) белгілеуді талап етеді:

$$CL = EL + UL \quad (1)$$

бұл ретте, күтілетін шығындар/залалдар (EL) мына формула бойынша есептеледі:

$$EL = S_i AD_i * PD_i * LGD_i \quad (2)$$

көзделмеген шығындардың/залалдарды (UL) есептеу тәртібі осы Әдістеменің 6-тармағында көлтірілген.

Жоғарыда көрсетілген параметрлерді есептеу нәтижесі бойынша кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған бірыңғай оператор резервінің нысаналы деңгейі айқындалады:

(3)

$$TRR = \frac{CL}{Кепілдік міндеттемелері сомасы} * 100\%$$

5. Күтілетін шығындарды есептеу үшін құрамдастарды айқындау:

1) уәкілдегі компанияның/құрылымдың салушының дефолтының ықтималдығын бағалау (PD).

Дефолт ықтималдығын айқындау үшін құрылымдың салушыға берілген рейтинг қолданылады. Құрылымдың салушының рейтингін анықтау осы әдістеменің қосымшасына

сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте тәуекел деңгейін анықтау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 338 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқытқы актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14190 болып тіркелген) кепілдік беру жарналарының көлемін анықтау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады;

2) Қалпына келмейтін ресурстардың үлесін бағалау (LGD).

Бірыңғай оператор алдында міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде құрылыш салушының уәкілетті компаниядағы қатысу үлесін кепілге беру және жер учаскесін (оған құқықтарын) кепілге беру болып табылатынын ескере отырып, кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша нақты өтеудің сомасы талаптар сомасының 50-75%-ын қурауы мүмкін. Тиісінше, қалпына келмейтін ресурстардың үлесі алғашқы кезеңде 25%-50% деңгейінде қабылданады.

Қалпына келмейтін ресурстардың үлесін бағалау ресурстарды қалпына келтіру бойынша статистикалық деректердің жинақталуы шамасына қарай қайта қаралады.

6. Көзделмеген шығындарды/залалдарды Монте-Карло әдісінің көмегімен мынадай тәртіпте айқындау:

1) Бастапқы деректерді айқындау:

$N$  - есеп беру күніне Бірыңғай оператордың портфеліндегі қатысуышылардың (уәкілетті компаниялардың) саны;

$P_j$  -  $j$ -қатысуышының дефолт ықтималдығы;

$S_j$  – қаралып жатқан уақыттан тыс кезеңдегі  $j$ -қатысуышының кепілдік міндеттемесінің сомасы;

$L_{kj}$  –  $k$ -сынағына  $j$ -қатысуышының дефолт жағдайында Бірыңғай оператордың көзделмеген шығындары/залалдарының мөлшері;

$q_j$  – әр қатысуыш бойынша өтеу сомасының қалпына келмейтін бөлігіндегі үлесі.

2) Әр  $j$  қатысуыш үшін тендей үлестірілген 0-ден 1-ге дейінгі кездейсоқ шамалар генерацияланады:

$$D_j^k$$

$$j = 1 \dots N,$$

мұнда  $k$  – сынақтар саны.

3) Әр қатысуышының дефолт оқиғасының туындау шарттарының орындалуына тексеріс жүргізіледі.

4) Үлестіру функциясы негізінде осы сынақ үшін әр қатысуыш Бірыңғай оператордың көзделмеген шығындарының/залалдарының мөлшерлері есептеледі:

$$D_j^k$$

$$L_j^k = \begin{cases} S_j, D_j^k \geq 1 - p_j \\ 0, D_j^k < 1 - p_j. \end{cases}$$

5) Рәсім (2-4) тармақшалар) k=10 000 немесе одан көп рет қайталаңады.

6) Әр қатысуыш үшін Бірыңғай оператордың қорының көзделмеген шығындары/залалдарының сомасы барлық сынақтардың  $L_j$  көзделмеген шығындарының орташа мәні ретінде айқындалады.

7) Бірыңғай оператордың көзделмеген шығындары/залалдарының жиынтық сомасы портфельдегі барлық қатысуышлар үшін барлық көзделмеген шығындар/залалдардың сомасы ретінде есептеледі:

$$UL = \sum_{j=1}^N \bar{L}_j$$

7. Болжамды және көзделмеген шығындар/залалдарды анықтаған соң, Бірыңғай оператор өзінің шығындарының/залалдарының жиынтық сомасын, нысаналы деңгейін және кепілдік беру жағдайын реттеуге арналған резерв мөлшерін осы Әдістеменің (1) және (3) формулаларына сәйкес есептейді.

Кепілдік беру жағдайларын  
реттеуге арналған резервті  
есептеу және қалыптастыру  
әдістемесіне  
қосымша

## **Құрылым салушының рейтингісін айқындау**

Құрылым салушының рейтингісін айқындау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14190 болып тіркелген) Кепілдік жарнаның мөлшерін айқындау әдістемесімен көзделген көрсеткіштерге және тәуекелдер факторына баға беруге негізделген көп факторлы үлгіге сәйкес балдардың саны есептеледі.

Балл санына байланысты құрылым салушыға рейтинг және тиісті PD мәні беріледі.

Рейтингтің атауы	Балл саны	PD, %
A	1 0 0	б а л л 2 , 0
	9 9	б а л л 2 , 1
	9 8	б а л л 2 , 2
	9 7	б а л л 2 , 3
	9 6	б а л л 2 , 4
	9 5	б а л л 2 , 5

	9 4	б а л л	2 , 6
	9 3	б а л л	2 , 7
	9 2	б а л л	2 , 8
	9 1	б а л л	2 , 9
	90 балл		3,0
B	8 9	б а л л	3 , 1
	8 8	б а л л	3 , 2
	8 7	б а л л	3 , 3
	8 6	б а л л	3 , 4
	8 5	б а л л	3 , 5
	8 4	б а л л	3 , 6
	8 3	б а л л	3 , 7
	8 2	б а л л	3 , 8
	8 1	б а л л	3 , 9
	80 балл		4,0
C	7 9	б а л л	4 , 1
	7 8	б а л л	4 , 2
	7 7	б а л л	4 , 3
	7 6	б а л л	4 , 4
	7 5	б а л л	4 , 5
	7 4	б а л л	4 , 6
	7 3	б а л л	4 , 7
	7 2	б а л л	4 , 8
	7 1	б а л л	4 , 9
	70 балл		5,0
D	6 9	б а л л	5 , 1
	6 8	б а л л	5 , 2
	6 7	б а л л	5 , 3
	6 6	б а л л	5 , 4
	6 5	б а л л	5 , 5
	6 4	б а л л	5 , 6
	6 3	б а л л	5 , 7
	6 2	б а л л	5 , 8
	6 1	б а л л	5 , 9
	60 балл		6,0

### Құрылыс салуышының рейтингісі

Балл саны	Өттініш берушіге берілетін рейтинг
90 балл және одан жоғары	A
<80 балл <90	B
<70 балл <80	C
<60 балл <70	D

**Мүндағы:**

"A" рейтингі (ерекше кредитке қабілеттілігі, үздік қаржылық жағдайы) – құрылыс салуышы жобаны мерзімінде орындаудың жоғарғы мүмкіндігіне және қаржылық тұрақтылықтың жоғарғы деңгейіне ие.

"B" рейтингі (кредитке қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылықтың жақсы деңгейі) – құрылыс салуышы жалпы алғанда қаржылай тұрақты және жобаны мерзімінде

орындаудың оңтайлы мүмкіндігіне және қаржылық тұрақтылықтың жақсы деңгейіне ие

"C" рейтингі (кредитке қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылықтың орташа деңгейі) – құрылыш салушы жобаны мерзімінде орындаудың қанағаттандырлық мүмкіндігіне ие. Жекелеген қаржылық көрсеткіштері орта салалық мәндерден кейбір ауытқуларды көрсетеді, алайда жалпы алғанда қаржылық жағдайы мен төлем қабілеттілігі қанағаттандырлық болып табылады.

"D" рейтингі (кредитке қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылықтың деңгейі орташадан төмен) – құрылыш салушының жобаны мерзімінде орындауының мүмкіндігі жеткілікті деп саналады. Қаржы жағдайының нашарлау белгілері бар (төменгі төлем қабілеттілігі/нарық үлесінің тұрақты төмендеуі) немесе қаржылық жағдайға теріс етуі мүмкін форс-мажорлық жағдайлардың болуы. Бұл компанияның нарық сұранысының ауытқуларына жеткілікті дәрежеде тұрақты емес болу ықтималдығы болады.

Казақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігінің тұрғын үй  
құрылышына үлестік қатысу  
саласындағы өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
4-қосымша  
Казақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ 432 бұйрығымен  
бекітілген

**Кепілдік беру туралы шартты жасасу үшін тұрғын үй көппәтерлі құрылышының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидалары**

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Кепілдік беру туралы шартты жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй құрылышының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленді және Тұрғын үй құрылышының бірыңғай операторынан (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) кепілдік алу тәсілімен тұрғын үй құрылышына үлестік қатысады ұйымдастыру кезінде кепілдік беру туралы шартты жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй құрылышының жобасы бойынша құжаттарды қарау тәртібін регламенттейді.

2. Бірыңгай оператордан кепілдік алу тәсілімен тұрғын үй құрылышына үлестік қатысады ұйымдастыру кезінде Құрылыш салушы мен Уәкілетті компанияға қойылатын талаптар осы Заңның 8-бабында айқындалған.

## **2-тaraу. Бірыңгай оператордың Құрылыш салушы мен Уәкілетті компанияның өтінімдерін қабылдауды және есепке алуы**

3. Құрылыш салушы мен Уәкілетті компаниядан құрылыш жобасы бойынша өтінімі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылданады.

4. Бірыңгай оператордың капитал жеткіліктілігінің нормативі шекті мәніне жету жағдайларын қоспағанда Бірыңгай оператор өтінімді тұрақты негізде қабылдайды, бұл туралы Бірыңгай оператордың интернет-ресурсында көрсетіледі.

5. Құрылыш салушы және Уәкілетті компания өтінімге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құжаттардың тізбесін қоса береді. Бұл ретте құрылыш жобасын қаржыландыру жобасы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Бір жыл ішінде Құрылыш салушы жаңа құрылыш жобасымен екінші рет жүгінген жағдайда осы Қағидаларға 2-қосымшаның 1-тармағында, 2-тармақтың 1) тармақшасында, 9-тармақтың 3) және 4) тармақшаларында және 10-тармақта көрсетілген құжаттарды Бірыңгай операторға ұсыну талап етілмейді. Осы талап Бірыңгай операторға қайта жүгінгенге дейін өзгерістер мен (немесе) енгізілетін құжаттарға қолданылмайды.

6. Өтінімді қарау мерзімі Құрылыш салушы мен Уәкілетті компания кепілдік беру шартын жасасу туралы өтініш берген күннен бастап он бес жұмыс күні болып есептеледі. Бірыңгай оператор ы қажетті құжаттармен бірге тиісті өтінімді тіркеген күннен кейінгі күн Құрылыш салушы мен Уәкілетті компанияның өтініш жасаған күні болып есептеледі.

Қаралатын өтінім бойынша ескертулер болған кезде, Бірыңгай оператор ескертулерді жою үшін бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімді белгілей отырып, тиісті құжаттарды пысықтауға жібереді. Бұл ретте өтінімді қарау мерзімі тоқтатылады.

## **3-тaraу. Бірыңгай оператордан кепілдік алу тәсілімен тұрғын үй құрылышына үлестік қатысады ұйымдастыру кезінде Құрылыш салушы мен Уәкілетті компанияның өтінімдерін қарау тәртібі**

7. Бірыңгай оператордың өтінімді қарауы:

1) 2-қосымшада көрсетілген құжаттардың тізбесіне сәйкес көппәтерлі тұрғын үй құрылышының жобасы бойынша ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру;

2) өтінімді тіркеу және көппәтерлі тұрғын үй құрылышының жобасы бойынша ұсынылған құжаттарды талдау;

3) кепілдік беру туралы шарт жасасу не жасасудан уәжді түрде бас тарту туралы шешім қабылдау кезеңдерін көздейді.

8. Бірыңғай оператордың кепілдік беру туралы шарт жасасу не жасасудан уәжді түрде бас тарту туралы шешімі ұсынылған құжаттарды талдау нәтижелеріне негізделеді.

9. Көппәтерлі тұрғын үй құрылышының жобасы бойынша құжаттарды талдау қаржылық және заңдық бағалауды қамтиды.

10. Қаржылық бағалау:

1) қаржылық есептілікті талдауды, Уәкілетті компанияның және Құрылыш салуышының қаржылық жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді есептеуді;

2) жобаны қаржыландыру көздерін талдауды;

3) уәкілетті компанияның баға саясатының барабарлығын талдауды;

4) сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес құрылышы аяқталмаған объектідегі орындалған жұмыстарды салыстыруды көздейді.

Жұмыстардың орындалған көлемдері өлшенгеннен және инженирингтік компания зертханалық зерттеулерсіз монтаждалған конструкцияларды ақаулықтардың бар-жоғы тұрғысынан зерттегеннен кейін Актілер бойынша орындалған жұмыстарды объектіде іс жүзінде орындалған жұмыстармен салыстыру жүргізіледі;

5) құрылышты аяқтау үшін қажетті жұмыстардың толықтығын бағалауды;

6) құрылыш бюджетінің (сметасының): құрылыштың көлемі мен құнының негізділігін талдауды көздейді.

11. Заңдық бағалау және жоба бойынша құқықтық, беделділік тәуекелдердің болуын (болмауын) анықтау:

1) Құрылыш салуышының, Уәкілетті компанияның құқық белгілейтін құжаттарын шолу;

2) корпоративті басқару туралы құжаттарды, алқалы басқару органдарының шешімдерін және Уәкілетті компанияның негізгі сенімхаттарын шолу;

3) Уәкілетті компанияның осы Заңның 35-бабына сәйкес сенімгерлік басқаруға берілуі болжанып отырған мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды талдау;

4) Уәкілетті компанияның жарғылық капиталын қалыптастыру заңдылығын, қатысушилар (акционерлер) туралы мәліметтерді, Уәкілетті компанияның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді талдау;

5) Уәкілетті компания мен мердігердің (бас мердігердің) қажетті рұқсат беру құжаттарының болуы;

6) Осы Қағидалардың 11-1 тармағымен айқындалған ерекшеліктертерді ескере отырып, Уәкілетті компанияның мердігермен (бас мердігермен) жасасқан құрылыс мердігерлік шартының негізгі ережелерін талдау;

7) құрылыс салушы мен уәкілетті компанияға қатысты мүліктік сипаттағы орындалмаған сот талқылауларының болуы немесе болмауы;

8) ресми түрде танылған көздерден салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектерінің болуы (не болмауы) туралы Уәкілетті компания, Құрылыс салушы туралы ақпаратты зерделеу арқылы жүргізіледі.

11-1. Егер көппәтерлі тұрғын құрылысының жобасын арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы – арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыратын және арнайы экономикалық аймақ (бұдан әрі – АЭА қатысушысы) қатысуышыларының бірыңғай тізіліміне енгізілген заңды тұлға болып табылатын Уәкілетті компания жүзеге асыратын болса, онда құрылыс мердігерлік шарты Уәкілетті компанияның жобалау-сметалық құжаттамасымен қарастырылған материалдардың және (немесе) жабдықтардың бөлігін сатып алудын тұруы мүмкін.

12. Отінімді қарағаны үшін Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама нормаларының талаптарына сәйкес Кепілдік беру қорының шешімімен бекітілетін мөлшерде Бірыңғай оператордың банктік шотына аудару жолымен біржолғы комиссия алынады. Отінімді қарағаны үшін алынған комиссия қайтаруға жатпайды.

#### **4-тaraу. Кепілдік беру туралы шешім**

13. Бірыңғай оператор кепілдік беру туралы шарт жасасудан мынадай негіздер бойынша:

1) Құрылыс салушының, Уәкілетті компанияның Занда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның:

уәкілетті компания, Бірыңғай оператор және инжинирингтік компания арасындағы үлестік тұрғын үй құрылысында инжинирингтік қызметтерді көрсету туралы;

Уәкілетті компания мен Бірыңғай оператор арасындағы аяқталмаған құрылыс объектісімен бірге жер участесінің кепіл;

Құрылыс салушы мен Бірыңғай оператор арасындағы уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) кепіл;

Құрылыс салушы мен Бірыңғай оператор арасындағы уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) сенімгерлік басқару шарттарды үақтылы жасаспауы;

3) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер бойынша өтінім беру күніне 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен көп мөлшерде өтелмеген берешегінің болуы;

4) Құрылыс салушыға, Уәкілетті компанияға қатысты оңалту немесе банкроттық туралы іс жүргізуді қозғау туралы сот шешімдерінің болуы;

5) Заңға сәйкес көппәтерлі тұрғын үй құрылышы жобасы бойынша құжаттарды тексеру нәтижелері бойынша бас тартады.

14. Кепілдік беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда, Бірыңғай оператор жоба бойынша Заңның 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласындағы уәкілетті орган бекіткен Кепілдік жарнаның мөлшерін айқындау әдістемесіне сәйкес кепілдік жарнаның мөлшерін бекітеді.

15. Бірыңғай оператордың оң шешімі Кепілдік беру туралы шарт жасасу үшін негіздеме болып табылады.

Кепілдік беру туралы шартты  
жасасу үшін көппәтерлі тұрғын  
үй құрылышының жобасы  
бойынша құжаттарды қарau  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

Шығыс № \_\_\_\_\_  
20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

"Тұрғын үй құрылышының  
бірыңғай операторы" басшысы  
\_\_\_\_\_  
мырзаға

## Өтінім

---

(құрылыш салушы мен уәкілетті компанияның атауы)

Сізді тұрғын үй құрылышының бірыңғай операторынан (бұдан әрі – Біріңғай оператор) кепілдік алу тәсілімен тұрғын үй құрылышына үлестік қатысуды үйимдастыру үшін Біріңғай оператордың кепілдігін алу мүмкіндігін айқындау тұрғысынан талдау жүргізу мақсатында \_\_\_\_\_

(жобаның атауын, орналасқан жерін көрсету)

жобасы бойынша құжаттар тізбесін қарауға қабылдауынызды сұрайды. Осы өтінімге қоса беріліп отырған ақпарат шынайы, толық, сапалы және ақиқатқа сәйкес келетінін растиамыз. Осылмен Бірыңғай оператордың өтінімде көрсетілген деректерді, сондай-ақ, құрылыш салушы мен уәкілетті компанияның бірінші басшысы мен бас бухгалтерінің дербес деректерін жинауы мен өндөуіне келісім береміз. \_\_\_\_\_

(құрылыш салушы мен уәкілетті компанияның атауы) жалған, дұрыс емес, сапасыз және толық

емес ақпарат ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілігі туралы ескертілді.

## Жоба бойынша ақпарат

### 1. Құрылыш салушы туралы ақпарат:

Ұйымның толық атаяуы
БСН
Акционерлер/қатысушылар құрамы (Акционердің/қатысушының атаяуы (компания, Т.А.Ә. (болған жағдайда), БСН/ЖСН) жарғылық капиталдағы қатысу үлесі)
Бастапқы тіркелу күні
Занды мекен жайы (өнір, облыс, аудан, көше, үй, индекс, телефон, электрондық поштасы)
Накты мекен жайы (өнір, облыс, аудан, көше, үй, индекс, телефон, электрондық поштасы)
Ұйымның атқарушы органдың басшысы (Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН, лауазымы, жұмыс тәжірибесі )
Жобаны іске асыру үшін арнайы рұқсаттардың, лицензиялардың болуы (құжаттың атаяуы, нөмірі және берілу күні, қолданылу мерзімі)

### 2. Уәкілетті компания туралы ақпарат:

Ұйымның толық атаяуы
БСН
Акционерлер/қатысушылар құрамы (Акционердің/қатысушының атаяуы (компания, Т.А.Ә. (болған жағдайда), БСН/ЖСН) жарғылық капиталдағы қатысу үлесі)
Бастапқы тіркелу күні
Занды мекен жайы (өнір, облыс, аудан, көше, үй, индекс, телефон, электрондық поштасы)
Накты мекен жайы (өнір, облыс, аудан, көше, үй, индекс, телефон, электрондық поштасы)
Ұйымның атқарушы органдың басшысы (Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН, лауазымы, жұмыс тәжірибесі )

### 3. Жоба туралы ақпарат:

Жобаның атаяуы
Жобаны іске асыру орны, жер участкесі бойынша мәртебесі
Жобаны іске асыру мерзімі
Кешенді ведомстводан тыс сараптаманың онқорытындысымен бірге ЖСҚ болуы
Жобаның жалпық ұны (мын тенге)
ЖСҚ сәйкес жобадағы тұрғын үй құрылышының 1 шаршыметрінің құны
Жобаны қаржыландырудың болжамды құрылымы (қаржыландыру тетігі және оның параметрлері, қамтамасыз ету құрылымы және басқалары)

### Отінімге қосымшалар (қосымшалардың тізбесі).

Құрылыш салушы _____
Лауазымы _____
Т.А.Ә. (болған жағдайда) (қолы)
МО (болған жағдайда)

Уәкілетті компания _____
Лауазымы _____
Т.А.Ә. (болған жағдайда) (қолы)
МО (болған жағдайда)

Кепілдік беру туралы шартты  
жасасу үшін көппәтерлі тұрғын  
үй құрылышының жобасы

бойынша құжаттарды қарau

қағидаларына

2-қосымша

## Құжаттардың тізбесі

1. Құрылys салушының және уәкілетті органның құрылтайшылық құжаттары (қоғамды құру туралы жарғының және құрылтайшылық құжаттың/жалғыз құрылтайшы шешімінің нотариалды куәландырылған көшірмелері).

2. Заңның 8-бабының 1-тармағына құрылys салушының сәйкестігін растайтын құжаттар:

1) көппәтерлі түрғын үйді салу, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша құрылys салушының тәжірибесін растайтын, тапсырылған шаршы метрді ескере отырып, құрылys жобасын пайдалануға беру актілерінің көшірмелері.

Тапсырыс беруші/мердігер (бас мердігер) ретінде құрылys жобасын пайдалануға беру актінде көрсетілмеген құрылys салушының көппәтерлі түрғын үйлерін салу бойынша тәжірибелі растау үшін іске асырылған құрылys жобасы бойынша мынадай құжаттардың көшірмелері ұсынылады:

құрылys жобасын пайдалануға беру актісі;

жер жұмыстарын орындауды, ғимараттардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын салуды, инженерлік желілерді орналастыруды, сондай-ақ құрылys жобасы бойынша конструкцияларды қорғау және өндеу жөніндегі жұмыстарды көздейтін мердігерлік шарт;

мердігерлік шарт бойынша орындалған жұмыстар актісі;

мердігер шарты бойынша төлемді растайтын банк шоты бойынша немесе өзара есеп айырысуды салыстыру актісінен үзінді көшірме.

Көрсетілген құжаттармен бірге құрылys салушыларға олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып тексергеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары құрылys салушыға қайтарылады;;

2) аудиторлық қорытындымен расталған соңғы екі қаржы жылындағы құрылys салушының қаржылық есептілігі;

3) кредиттік тарих туралы толық ақпаратты қамтитын кредиттік бюородан алынған кредиттік есеп.

3. Заңның 8-бабының 3-тармағымен көзделген уәкілетті компанияның талаптарының орындалуын растайтын құжаттар:

1) сатып алу-сату шарты (айырбастау, сыйға тарту немесе жер участкесін иеліктен шығару туралы өзге де мәмілелер) немесе жер участкесіне жеке меншік құқығын, жер пайдалану құқығын және жерге өзге заттық құқықтарды тану туралы сот шешімдері (нотариалды куәландырылған көшірмесі);

2) жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін акті немесе уақытша (өтеусіз) жер пайдалану құқығын беретін акті (нотариалды куәландырылған көшірмесі);

3) Заңмен айқындалған мөлшерде құрылым мақсаттарына жұмсау үшін жоспарланған ақшаның бар екенін растайтын банк шоты бойынша ақша қалдықтары және қозғалысы туралы үзінді немесе аяқталмаған құрылымы бар (басталған құрылым кезінде) жер учаскесін бағалау туралы тәуелсіз бағалау компаниясының есебі және құрылыштың басталғандығын растайтын құжаттардың көшірмелері (құрылым-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талон, аяқталмаған құрылым объектісін (бар болған жағдайда) консервациялау, авторлық және техникалық қадағалау шарттары; конструкциялардың және ғимараттардың тұрақтылығы мен инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің сенімділігінің жай-қүйіне жобаны техникалық тексеру туралы есептің түпнұсқасы не инжиниингтік компанияның қорытындысы); конструкциялардың және ғимараттардың тұрақтылығы мен инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің сенімділігінің жай-қүйіне жобаны техникалық тексеру жүргізуге және Бірыңғай оператордың өкілдерімен (аяқталмаған құрылым бар болған жағдайда) аяқталмаған құрылымың бағалау жүргізуге құрылым салушы мен уәкілетті компанияның келісім-хаты;

4) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысы бар жобалық-сметалық құжаттама (PDF (Portable Document Format) форматындағы электронды түрде) немесе "Мемсараптама" РМК (мемлекеттік ведомстводан тыс кешенді сараптама жобасынан өту кезінде) мәлімделген жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы алуға арналған құқық иеленушінің және жоба авторының рұқсат-хаты;

5) жобалау, эскиздік жоба, сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру, бөлу жоспары қаулыларының, жер учаскесін таңдау актісінің және техникалық шарттардың көшірмелері;

6) банктік шот шарттының (үйымның мөрімен куәландырылған) және кепілдік беру туралы шарт бойынша құжаттарды қарастыруға, кепілді жарнаға комиссия төлеу үшін банк шоты бойынша ақшаның бар екендігін растайтын қалдық және ақша қозғалысы туралы көшірме;

7) тұлғаның мердігерлік шартқа (уәкілетті органның шешімі/ бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрық) қол қою өкілеттігін растайтын, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса ұсына отырып, құрылым-монтаждау жұмыстарын жүргізудің бекітілген жоспарымен уәкілетті компания және мердігер (бас мердігер) арасында жасалған шарт көшірмесі.

Егер құрылым мердігерлік шарттының тарапы болып Уәкілетті компания – АЭА қатысушысы, сұранымға сатып алынатын материалдардың және (немесе) жабдықтардың көлемі, осындай сатып алуды қаржыландыру дереккөздері туралы ақпарат қоса тіркеледі.

4. Өтінімді қарастыру үшін комиссияның төленгені туралы тұбіртек.

5. Құрылым салушының және уәкілетті компаниялардың басшылары қол қойған және олардың мөрлерімен расталған (болған жағдайда), сондай-ақ xls/xlsx/xlsm электронды форматтағы құрылым салушының қаржыландыру жоспары.

6. Заңның 8-бабының 4-тармағында көзделген уәкілетті компания талаптарын орындауды растау үшін жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама ұсынылады ("электронды үкімет" порталынан).

7. Заңның 33-бабы 3-тармағының 1) тармақшасымен көзделген қаржылық бағалауды өткізу үшін Бірыңғай операторға құрылым салушы/уәкілетті компания ұсынынатын құжаттар:

1) құрылым салушының басшы/бас бухгалтер қол қойған және оның мөрімен расталған (бар болған кезде) аудиторлық қорытындымен расталған құрылым салушының қаржылық есептілік баптарының толық жазылуы;

2) Өтінімді беру күнінің алдында, соңғы қаржылық кезеңдегі (тоқсандағы, жарты жылдағы) құрылым салушының, уәкілетті компанияның қаржылық есептілігі, уәкілетті компанияның, құрылым салушының басшысы/бас бухгалтері қол қойған және олардың мөрімен расталған (бар болған кезде) қаржылық есептілік баптарының толық жазылуы.

8. Заңның 33-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген заңдық бағалауды жүргізу үшін құрылым салушы/уәкілетті компания ұсынатын құжаттар:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы құжат ("электрондық үкімет" порталынан);

2) заңды тұлғаның барлық тіркелген іс-әрекеттері туралы анықтама ("электрондық үкімет" порталынан);

9. Заңның 33-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген заңдық бағалауды жүргізу үшін құрылым салушы/уәкілетті компания ұсынатын құжаттар:

1) соңғы екі жыл ішінде (бар болған жағдайда) құрылтай құжаттарына өзгерістер және/(немесе) толықтырулар енгізу туралы құрылым салушының уәкілетті органы/уәкілетті компания шешімдерінің көшірмелері;

2) Бірыңғай операторға уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) 100 % кепілге беру туралы құрылым салушының уәкілетті органы шешімдерінің көшірмелері (құрылым салушының мөрмен қуәландырылған (болған жағдайда));

3) Бірыңғай операторға егжей-тегжейлі сипатталған (уәкілетті компанияның мөрмен қуәландырылған (болған жағдайда) аяқталмаған құрылымысы бар (болған жағдайда) жер участкесін немесе жерді пайдалану құқығын беру туралы уәкілетті компанияның уәкілетті органы шешімінің көшірмесі;

4) құрылым салушының/уәкілетті компанияның атынан бірінші және екінші қол қою құқығының растайтын уәкілетті адамдардың құжаттарының көшірмелері, сондай-ақ олардың жеке басын куәландыратын (мөрмен куәландырылған (болған жағдайда) құжаттардың көшірмелері;

5) бірінші қол қою құқығы бар уәкілетті адамдардың қол қою үлгілері нотариалды куәландырған құжаттар мен үйлім мөрінің бедерлері (бар болған жағдайда).

10. Заңның 33-бабы 4-тармағының 4) тармақшасында көзделген заңдық бағалауды жүргізу үшін құрылым салушы/уәкілетті компания ұсынатын құжат:

жарғылық капиталын қалыптастыруды растайтын құжаттардың көшірмелерін( мөрмен куәландырылған (болған жағдайда);

11. Заңның 35-бабтың 1-тармағында көзделген заңдық бағалауды жүргізу үшін құрылым салушы/уәкілетті компания ұсынатын құжат:

Бірыңғай операторға кепілге берілетін жылжымайтын мүлікті бағалау туралы тәуелсіз бағалау компаниясының есебі.

Кепілдік беру туралы шартты  
жасасу үшін көпшетерлі тұрғын  
үй құрылышының жобасы  
бойынша құжаттарды қарая  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

## Құрылым жобасын қаржыландыру жоспары

### 1. Жобалық шығыстар жоспары және құрылышты қаржыландыру кестесі

№	ЖСҚ бойынша жұмыстардың атавы	ЖСҚ бойынша құны, мың тенге	Құрылышты қаржыландыру кестесі, мың тенге		
			Жыл	ай	ай
Жиыны					

### 2. Көпшетерлі тұрғын үйдегі үй-жайларды сату және жалға беру жоспары

№	Үй-жайдың атавы	Жалпы ауданы, шаршы метр	1 шаршы метр үшін сату/жалға алу бағасы, мың тенге	жыл, мың тенге		
				ай	ай	ай
пәтерлер						
көлікке арналған орын						
Жиыны						

Ескертпе: Сату және тұрғын үйдегі үй-жайды жалға өткізу жоспары жобаны іске асырудың барлық мерзімінде жасалады (ұлескерлердің ақша қаражатын тартуға рұқсат алған сәттен бастап үй-жайдың барлық түрлерін іске асырғанға дейін). Осы Нысанның 2-тармағында үй-жай түрінің әрбір бірлігінің деректері жеке көрсетіледі.

Құрылыш салушы \_\_\_\_\_  
Лауазымы \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) (қолы)  
МО (болған жағдайда)

Уәкілетті компания \_\_\_\_\_  
Лауазымы \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) (қолы)  
МО (болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК